

1000 шаршы метрден асатын үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкасын төмендету туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2014 жылғы 16 сәуірдегі N 26/8-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 мамырда N 3342 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 19/18-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 12.03.2018 № 19/18-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 382-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 - бабының 1- тармағының 15) тармақшасына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 1000 шаршы метрден асатын үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкасы 1 (бір) шаршы метр үшін 6 (алты) теңгеден 1 (бір) теңгеге дейін төмендетілсін.

2. "1000 шаршы метрден асатын үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкасын бекіту туралы" Риддер қалалық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 13/3-V шешімінің күші жойылды деп танылсын (2009 жылғы 12 қаңтардағы нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеуінің Тізілімінде 5-4-103 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 3 "Лениногорская правда" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

З. ШАНЫШИНА

И. ПАНЧЕНКО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК